ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 10 қазан №5265-24-00-2/2984 Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.Сатыбалдиева оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап қою бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «№7 қалалық емхана» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«ЭВЕРЕСТ ГАЗПРОМ 1» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 223-226, 267–3, 267–4-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «№7 қалалық емхана» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының талап қоюы - қанағаттандырылсын.

«ЭВЕРЕСТ ГАЗПРОМ 1» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«ЭВЕРЕСТ ГАЗПРОМ 1» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

АПК-нің 267–4-бабының 2-бөлігіне сәйкес жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың

Құжатқа қол қойылған: Сатыбалдиева А. К., 10.10.2024
Заңды күшіне енген күні: 13.01.2025, судья Сатыбалдиева А. К., 13.01.2025
5265-24-3-1/3178

келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Сот шешіміне наразы жақ осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Шымкент қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып апелляциялық шағым беруге, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **А.Қ.Сатыбалдиева**

Сот өндірісі
Судопроизводство
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»
«ТӨРЕЛІК» ... РІК ЖҮЙЕСІ
Құжатқа қол қойылған: Сатыбалдиева А. К., 10.10.2024
Заңды күшіне енген күні: 13.01.2025, судья Сатыбалдиева А. К., 13.01.2025
5265-24-3-1/3178